

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.42-46

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МИКРОҚАРЖЫЛАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Тлеужанова Д. А.,


Берстембаева Р.К. - э.ғ.к.,

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,

Астана қ.

Қазіргі уақытта микронесиелеу жүйесінің негізгі мақсаты шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, нашар қамтамасыз етілген халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылату және қаржылық қызмет көрсетулер нарығында бәсекелестікті нығайту болып отыр. Әлемдік практика қоғам дамуының саяси, экономикалық және әлеуметтік сұрақтарын шешудегі шағын және орта бизнестің айрықша ролін растайды. Экономиканың негізгі үзбесі бола отырып шағын кәсіпкерлік халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін қамтамасыз етеді, жаңа технологияны енгізуге, ұлттық өндіріс тиімділігін жоғарылатуға әсер етеді. Шағын және орта бизнес субъектілерін мемлекет тарапынан қаржылық қолдаудың көбеюіне қарамастан, қаржылық ұйымдардың кәсіпкерлікті қаржыландыру көлемдері азаюда. Сонымен, соңғы уақыттардағы елеулі, әрі жағымды жылжуына қарамастан, шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге қызығушылық туғызбауы Қазақстандағы микроқаржыландыру нарығын дамытудың қажеттілігін шарттайды. Осыған байланысты Қазақстандағы микроқаржыландыру жүйесінің жағдайын және даму перспективасын зерттеу проблемасы аса өзекті болып табылады. Қазір несиелендіру нарығында микронесиелерге сұраныс жоғары болып отыр. Микронесиелендіру – қазақстандықтар үшін жаңа қызмет болып табылмайды және бұл несиелендіру қаржылай ауқымы үлкен емес. Аталған қызметтің ең тартымды тұсы, тапсырыстың қарастырылу мерзімі және несиелендіру алу үшін, қажетті құжаттар легінің аз болуы табылады.

Қазақстандағы микронесиелендіру ұйымдардың даму динамикасына (саны) талдау жасайық (сурет 1).




1 - сурет. Қазақстандағы микроөсиелік ұйымдардың даму динамикасы (саны)

Берілген диаграммада 2015 жылға дейін тіркелген микроөсиелік ұйымдардың санының төмендегенін байқауға болады, ал 2012 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ұйымдар саны азаюда. 2011 жылмен 2015 жылды салыстырып қарасақ ұйымдар саны 173 микроөсиелік ұйымға төмендеген. Микроөсиелік ұйымдардың санының төмендеуі микроқаржылық ұйымдар туралы заңнаманың енгізілуі мен микроқаржылық ұйымдарға қойылатын талаптардың өзгеруімен байланысты болып отыр. Сурет мәліметтерінен көріп отырғанымыздай жылдан жылға әрекет етуші микроөсиелік ұйымдардың да саны 288 ұйымға азайғанын көреміз. Жалпы тіркелген микроөсиелік ұйымдардың тек 43,2 пайызы ғана қызмет етеді.

2012 жылы 26 қарашада қабылданған №56-V «Микроқаржы ұйымдары туралы» заңда микроөсиелер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, микроқаржы ұйымдарының құқықтық жағдайының, құрылуының, қызметінің ерекшеліктерін белгілейді, сондай-ақ микроқаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеудің, олардың қызметін бақылаудың және қадағалаудың ерекшеліктерін айқындайды. 2016 жылдан бастап нарыққа қатысушылардың барлығының қызметтері Ұлттық Банктің бақылауымен іске асырылатын болады. Сонымен қоса нарықта тек микроқаржылық ұйымдар ғана қызмет атқара алады [1, 2].

Сонымен, Қазақстандағы микроөсиелік ұйымдар санының азаю себебі микроөсиелік ұйымдар қысқартылып орнына микроқаржылық ұйымдар құрылуда. Сонымен қатар, 2012 жылға дейін микроөсиелік ұйымдар қызметі мемлекет тарапынан қадағаланған жоқ, ал бүгінгі таңда мемлекет тарапынан қадағалау енгізілген. 2013 жылдан бастап ҚР Ұлттық Банкінен лицензия алған микроқаржылық ұйымдардың динамикасы төмендегі суретте келтірілген (сурет 2).



2 - сурет. Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдардың саны

Сурет мәліметтерінен көріп отырғанымыздай, заңнама қабылданғаннан бастап микроқаржылық ұйымдардың саны 27 есе өскен. Дегенмен, 2015 жылы тіркелген 1583, оның ішінде әрекет етуші 684 микронесиелік ұйымның, тек 135 ғана микроқаржылық ұйымға ауысып қайта құрылымдалған, қалған 549 микронесиелік ұйымның кейбіреуі ломбардтарға ауысқан. Ал басқа микронесиелік ұйымдар өздерінің қызметін қалай жүргізіп жатқандығы белгісіз болып отыр.

Микроқаржылық ұйымдардың негізгі қызметі микронесиелеуге бағытталғандықтан берілетін микронесиелер жағдайына талдау жасайық (Сурет 3). Берілген диаграммада микронесиелік ұйымдардың берілген несиелері мен олардың жалпы сомасы бойынша 5 жылдық көрсеткіші көрсетілген. Нарықтың қазіргі жағдайына келетін болсақ 2012-2016 жылдар аралығында микронесиелеу көлемі 1,9 есе шамалы жоғарылағанын байқауға болады. Бұл шамамен банктердің аналогиялық несиелерінің жалпы көлемінің 1% ғана. Сонымен қоса екінші деңгейлі банктер бөлшек сауда тұтынушыларының несиелерін жандандыру және микронесиелік ұйымдардың дәстүрлі клиенттерін қозғау себебінен микронесиелік ұйымдар сәл бәсекелестікті сезіне бастады. Осылайша, қаржы нарығының ағымдағы жағдайы Қазақстанда микроқаржыландыру зерттеуге кешенді көзқарас қажеттігін анықтайды және оның даму перспективалары айқындайды. Ерекше көңіл бөлетін жайт Қазақстандағы микронесиелік ұйымдардың микронесиелеудегі негізгі үрдістері мен қызметтері, сондай-ақ оның механизмін жетілдіруі қызметі [3].



3 - сурет. Барлық берілген микронесиелердің жалпы сомасы, млн теңге

Сонымен диаграммада көріп отырғанымыздай, жылдан жылға берілген микронесиелердің сомасы жоғарылағанымен, берілген микрокредиттер саны 2016 жылы елеулі төмендегенін байқауға болады.

Микрокредиттердің негізгі бағыты шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталғаны жөн, дегенмен осы қаражаттардың басым бөлігі заңды тұлғалармен қандай бағытта пайдаланылатындығын Кесте 1 мәліметтерінен көруге болады.

Несиелік серіктестіктер, микрокредиттік ұйымдар еліміздегі қаржы делдалдығы жүйесін дамытуда негізгі рөл атқаруы тиіс. Яғни, мұндай ұйымдар мөлшері жағынан шағын, несиелік тәуекелі жоғары қызметтерді қамтиды әрі халықтың қалың жігіне қызмет етуі қажет. Ендеше бұл несиелер ең алдымен ауылдық жерлерге, жұртшылықтың табысы төмен тобына арналған қызметіне байланысты нақты қайта қаралуы шарт.

Кесте 1– Заңды тұлғаларға микронесиелер құрылымы және динамикасы

Заңды тұлғаларға микронесиелер	2014		2015		2016	
	несие сомасы, млн тг.	үлесі, %	несие сомасы, млн тг.	үлесі, %	Несие сомасы, млн тг.	үлесі, %
Барлығы	1 319	100,0	2 204	100,0	2242	100,0
Айналым құралдарын толықтыруға	635	48,1	1 095	49,7	1712	76,4
Бизнесті ашуға	75	5,7		0,0	2	0,1
Негізгі құралдарға	62	4,7	226	10,3	10	0,4
Объектілерді қайта құрылымдауға	7	0,5	6	0,3	5	0,2

Басқа кәсіпкерлік мақсатқа	540	40,9	877	39,8	513	22,9
Ескерту – ҚР статистика агенттігінің мiлiметтерi негiзiнде құрастырылған						

Кесте мәліметтерінен көріп отырғанымыздай жалпы заңды тұлғалардың алатын микронесиелерінің басым бөлігі айналым қаражаттарын толықтыруға бағытталады. Ал шағын бизнесті ашуға жұмсалатын қаражат мөлшері өте төмен екендігін байқауға болады.

Қазақстанда микроқаржыландыру басым мөлшерде тек микрокредит беругенегізделген. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, табысы төмен тұрғындар қосымша қаржылық қызмет көрсетуге және несиеге мұқтаж болып келеді. Микрожинақтау қызметінің, микроқаржыландыру және микролизингтік қызметінің керектігі Қазақстан үшін өзекті мәселе болып отыр.

МҚҰ клиентке бағытталған қызмет түрін ұсынуда, яғни кедей халыққа, және де инновациялық өнімді дамыту және клиенттердің сұранысын қанағаттандыру қызметтерінде қоса алғанда. Бірақ жаңа өнімді шығару тыңғылықты анализ жүргізуді қажет етеді. Микронесиелеудің негізгі қызмет түрлеріне, яғни басқа қызмет көрсету түрлеріне көшу үшін, ұйым өзінің басқару жүйесін тексеру керек және нарықтық жай-күйіне анализ жасауды ұмытпауы керек [4].

Басқа микроқаржылық өнімдерге микрожинақтау, микросақтандыру және микролизингті жатқызуға болады, олар өздерінің қызметі бойынша орнын таппады. Қызмет етуші заңнамаларға сәйкес, олар мамандандырылған заңды тұлғаларға ұсынылуы мүмкін, мысалы, лизингтік және сақтандыру компаниясы. Мұндай қызметтерді лицензиялау үшін қатаң талаптар қатары бар, және де капитал резервін көрсету, резервтік қор, пруденциалдық нормаларды орындау, активтерді орналастыру және тағыда басқа талаптарды қоса алғанда.

Қатаң қаржылық шектеулерге қарамастан, жинақтаушы қызметін ұсыну, біздің ойымызша, микронесиелік қызметтің маңызды бөлігі болып табылады. Микроқаржылық ұйымдардың маңызды мақсаты болып, яғни жинақтарды тартудың тиімді бағдарламасын жасау кезінде, депозиттік қызмет көрсету үшін микроқаржылық ұйымдардың нормативтік тәртіпке бейімделуі болып табылады [5]. Бұл қызмет түрінің дамуының маңызды бөлігі болып, бізбен жоғарыда көрсетіліп кеткендей, микроқаржылық ұйымдарға қадағалау жүргізу болып табылады, яғни жинақтарды тартушылар. Жақсы дамыған депозиттік қызметтер қаржылық қызмет көрсетудің тиімді интеграциясын құруға ықпалын тигізеді, сыртқы қаржылық көздерден микроқаржылық ұйымдардың тәуелділігін төмендету және операциялық шығындарды жабу үшін ақша қаражаттар ағынының тұрақтылығын құру. Ұсынылып отырған жинақтаушы қызметіне орай микроқаржылық ұйымдар маңызды жетістіктердің біріне жетеді: несиелік операцияны кеңейту үшін тұрақты және арзан қаражат көздерін тарту.

Сонымен қатар, микроқаржылық ұйымдар өздерінің тәуекелділігін төмендетеді және сыртқы факторларға тәуелді болмайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Микроқаржы ұйымдары туралы» ҚР Заңы №56-V, 26.11.2012 ж
- 2 Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің ресми сайты.//www.stat.gov.kz/
- 3 Тлеужанова Д.А., Дарибаева А.А. Микронесиеелеудің Қазақстан Республикасындағы жағдайы // Materials of the XI International scientific and practical conference, «Areas of scientific thought», December 30, 2014 – January 7, 2015 on Economic science.Governance.Ұлыбритания. – Б. 23-30
- 4 [Repayment behavior in peer-to-peer microfinancing: Empirical evidence from Kiva](#): Dorfleitner, Gregor; Oswald, Eva-Maria// REVIEW OF FINANCIAL ECONOMICS Том: 30 Стр.: 45-59 Опубликовано: SEP 2016
- 5 Достиярова А.А. Пути улучшения микрокредитования в Казахстане //Проблемы экономики – 2007. - №2 с.96-97// elibrary.ru/item.asp?id=11669605